

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Әулиеқол ауданының  
білім бөлімі «Құсмұрын «Қарлығаш» бөбекжайы» КМҚК

Ерте жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік  
дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу

*Ата-аналарға кеңес*



*Дайындаған: тәрбиеші Есентаева А.М.*

Дамудың әр кезеңінің өзіндік ерекшеліктері мен шекаралары бар, оларды баланы бақылау арқылы байқауға болады. Әрбір психологиялық жаста оқыту мен тәрбиелеудің арнайы тәсілдері мен әдістерін қолдану, баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, онымен қарым-қатынас құру қажет. Жас кезеңдері негізінен жеке интеллектуалды дамуға бағытталған тұлғааралық қарым-қатынастың дамуымен қатар жүреді, ол білімнің, қабілеттердің және дағдылардың қалыптасуымен, баланың операциялық және техникалық мүмкіндіктерін жүзеге асуымен сипатталады. Дамудың бір кезеңінен екіншісіне өту жас дағдарысына ұқсас жағдайларда орын алады – бұл бір жас кезеңінен екіншісіне ауысу кезінде пайда болатын, күрт психикалық өзгерістермен, әлеуметтік қатынастар, іс-әрекеттер мен сана саласындағы жүйелі сапалық өзгерістермен сипатталатын кезең. Бала туғанынан бастап, жасөспірімдік кезеңге дейін бес дағдарыс кезеңінен өтеді: нәресте дағдарысы және бір жас дағдарысы, үш жас дағдарысы, жеті жас дағдарысы және жынныстық жетілу дағдарысы. Ата-аналарға, ұстаздарға, тәрбиешілерге немесе педиатр дәрігерлерге дағдарыстың психологиялық көрінісін, сондай-ақ баланың жеке ерекшеліктерін білу маңызды. Айта кету керек, дағдарыстың басталуы мен аяқталуының нақты шекаралары жоқ, осы кезеңде балалар қиыңыр, шөлкес, адуын және айтқанға көнбейтін болады, мінез-құлқы жағымсыз сипатқа ие болады. Егер ересектер балада болып жатқан өзгерістерді уақтылы ескеріп, өз қарым-қатынасын соған сәйкес құратын болса, онда дағдарыстың барысы едәуір жеңілдейді.

Көріп тұрғанымыздай, зерттеушілер психиканың дамуына әсер ететін ең маңызды фактор – тұқым қуалаушылық (баланың жатыр ішіндегі өмір кезеңінен өту ерекшелігін қамтитын биологиялық фактор), орта және белсенділік деп есептейді.

ТҰҚЫМ ҚУАЛАУ – өсу жылдамдығы мен оның шегін анықтайтын негізгі фактор. Одан басқа, адам қалыпты қоршаған орта жағдайында өмір сүргенде ген баланың дене бітімінің белгілі бір ерекшеліктеріне ықпал етеді. Кері жағдайда, генетикалық бағдарламаның өсу жылдамдығы мен көрсеткіштерінің өзгеруімен бірге ауытқулар болуы мүмкін.

ЖАТЫРШЫЛІК ДАМУ ананың ағзасының ықпалымен өтеді, бұл ретте бұл ықпал физиологиялық және психологиялық сипатта болады. Сонымен әйел затының жүктілік кезіндегі және бала туу сәтіндегі жауапкершілігі мен айналасында болып жатқан оқиғаны түсінуі ықтимал асқынудың алдын алуға мүмкіндік береді. Ананың жүктілік кезіндегі сырқаттануы, ол қабылдаған дәрілер баланың психикасының дамуын кешеуілдетіп, басқа да ауытқулар тудыруы мүмкін. Баланың кейінгі дамуына және туу процесінің өзіне теріс әсер етеді, сондықтан бала туу кезіндегі жаракат алмағаны және алғаш рет дем алғаны маңызды. Баланың ақыл-есінің дамуына тұқым қуалаудан басқа

ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАНЫҢ да ықпалы өте зор. Қазіргі психологтар ортаны интеллектінің даму процесіне әсер ететін сыртқы факторлар деп түсінеді. Бұл факторларды макроорта және микроорта деп екі түрге бөліп қарайды. Макроорта – бала тәрбие алып жатқан елдің және халықтың мәдениет ерекшеліктері, сондай-ақ қоғамның саяси құрылымы, климат, елді-мекен ерекшеліктері және т.б. Микроорта – бұл баланы айналасындағылардың бәрі: ата-анасы, таныстары, достары, туыстары және т.б. Бір айта кететіні, бала өскен сайын оның әлеуметтік ортасы да кеңейе түседі: мектеп жасына қарай баланың дамуына құрдастары ықпал етеді, одан кейін – топтар, бұқаралық ақпарат құралдары, діни қауымдастықтар және т.с.с. Бала әлеуметтік ортадан тыс жерде толыққанды дами алмайды. Сонымен бірге даму деңгейі бірдей балалардың әлеуеттік мүмкіндіктері әр түрлі болуы мүмкін. Бір бала көмекті жеңіл қабылдап, одан кейін ұқсас міндеттерді өз бетінше шеше, енді біреуі сондай міндетті ересек адамның көмегімен де шеше алмауы мүмкін. Сондықтан, баланы диагностикалау немесе тексеру кезінде оның «жақын даму аймағын» да ескеру керек.

## 1.2 ДАМУ БАРЫСЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Адамның әрекет ету күйін көрсететін БЕЛСЕНДІЛІК туралы айтар болсақ, ол ағзада бағдарламаланған белгілі бір мақсат үшін жасалатын іс-қимыл орта кедергісін еңсеруді талап еткен кезде байқалады. Яғни, белсенділік – тұқым қуалау мен ортаның әрекеттесуі жүйесі. Сәбилік және балдырған шақта ми қарыштап дамиды, мидағы көру және есту талдағыштарының құрылымы қалыптасып болады, жүйке жүйесінің қалыптасуы аяқталады, баланың интеллектуалдық, танымдық және физикалық қабілеттерінің қалыптасуы үшін қажетті барлық құрылым қалыптасады. Моторикалық және психикалық функциялардың жетілуі және күрделенуі, баланың тұлғасының қалыптасуы оның әлеуметтік тәжірибелерді игеру барысында да тұқым қуалау факторларының ықпалымен болады. Қоршаған ортамен қатынасқа түскен бала оған енжар икемделмейді, керісінше, жеке өмір жағдайында оны белсенді түрде игереді. Тәжірибенің болуы адамға қоршаған шынайы жағдайды біліп, түрлендіруге, ішкі әлеуетін ең жақсы жолмен қолдануға, мақсаттар қойып, оған жетуге көмектеседі.

ОТБАСЫ адам үшін әлеуметке араласу кезіндегі ең маңызды фактор және ықпалы бойынша барлық қоғамдық құрылымдардан асып түседі. Отбасында адам қоғам мәдениеті мен дәстүрлеріне сәйкес нормалардың, ережелердің, құндылықтар мен білімдердің жүйесін меңгеріп, оларды іс жүзінде қолданып көреді. Бүгінгі таңда әртүрлі ауытқулары бар балалардың саны өсіп келеді, бұл бейімделу қиындықтарына ұшырайтын отбасылар санының ұлғаюына алып келеді. Сондықтан бүкіл әлемде отбасылар үшін балалардың ерте дамуына көмек көрсету денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау

қызметіндегі ең өзекті салалардың біріне айналып отыр. Балалардың физикалық және ойлау қабілетінің қалыптасу дәрежесін анықтауға көмектесетін баланың даму критерийін білу, ата-аналардың өз баласына сергек қарауы, сондай-ақ бала өмірінің алғашқы айлары мен жылдарынан бастап ұйымдастырылған ерте диагностика және кешенді түзету амалдары дамудың бұрыннан бар кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, сонымен қатар олардың қайта пайда болуына жол бермеуге, балалардың әлеуметке бейімделе алмау дәрежесін азайтуға, әр баланың жалпы даму, білім алу, қоғамға араласу дәрежесінің мүмкін болатын ең жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.